

*Ф.Ж. Борантаева<sup>1</sup>, К.Ш. Байсултанова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ  
Алматы қ., Қазақстан*

## **КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ЖҰМСАҚ КҮШ» СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

*Аңдатпа*

Қазіргі заманда жанама жолдармен өзгеге ықпал ету қалыпты жағдайға айналған. Мақалада Оңтүстік Кореяның «жұмсақ күш» стратегиясының қалыптасу ерекшеліктері мен дамуы қарастырылады. Авторлар «жұмсақ күштің» теориялық негіздерін, оның қалыптасуының тарихи аспектілерін, сонымен қатар, Корея Республикасының аталмыш саясаттағы мәнін сараптайды. Сондай-ақ, авторлар корей толқыны «халлюдың» корей ұлттық экономикасына тиімді екенін тұжырымдай келе, «жұмсақ күштің» болашақтағы перспективасына болжам жасайды. Корей үкіметі корей толқынының әлемдік деңгейде үлкен жетістіктерге қол жеткізуі мүмкіндігін алдын ала болжай алмағандығымен өзін танытатын жұмсақ күштің негізгі құралының бірі екендігіне көз жеткізді. 1990 жж. бастау алған осы бағыт мемлекет тарапынан үлкен қолдау тапты.

Ұлттық бірегейлікті сақтау маңыздылығы күшейген жаһадану заманында Оңтүстік Корея өз мақсатына беріктілігімен қатар, мәдениетін әлемге тарата білуі зерттеулерді қажет етеді.

**Түйін сөздер:** жұмсақ күш, мемлекет имиджі, мәдени дипломатия, Оңтүстік Корея.

*Borantayeva F.Zh.<sup>1</sup>, K.Sh. Baisultanova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>KazUIRandWL named by Ablai khan  
Almaty city, Kazakhstan*

## **FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE “SOFT POWER” STRATEGY OF THE REPUBLIC OF KOREA**

*Abstract*

Nowadays indirect influence from other countries is becoming commonplace. This article discusses the features of the formation and development of the strategy of "soft power" in South Korea. The authors analyzed the theoretical foundations of "soft power" and the historical aspects of its formation and disclosure of the essence of this policy in South Korea. The authors also concluded that the Korean wave "hollucinations" has a positive effect on the Korean national economy and analyzes the future of soft power in the future. The Korean government made it clear that the Korean wave is one of the main soft power tools that will show itself despite the fact that it could not predict the possibility of great achievements on the global level. 1990s This trend has received great support from the state.

In an era of globalization, when the importance of preserving national identity is growing, South Korea's resilience to its goals and its ability to spread its culture around the world required research.

**Key words:** soft power, country image, cultural diplomacy, South Korea.

*Борантаева Ф.Ж.<sup>1</sup>, Байсултанова К.Ш.<sup>1</sup>*

*КазУМОиМЯ имени Абылайхана  
г. Алматы, Казахстан*

## ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЯ СТРАТЕГИИ «МЯГКАЯ СИЛА» РЕСПУБЛИКИ КОРЕЯ

### *Аннотация*

В настоящее время косвенное влияние со стороны других стран становится обычным явлением. В данной статье рассматриваются особенности формирования и развития стратегии «мягкой силы» Южной Кореи. Авторами проанализированы теоретические основы «мягкой силы» и исторические аспекты ее формирования и раскрытия сущности данной политики в Южной Корее. А также авторами сделан вывод о положительном влиянии корейской волны «халлю» на национальную экономику Кореи и проанализирована перспектива «мягкой силы» в будущем. Корейское правительство ясно дало понять, что корейская волна - это один из главных инструментов мягкой силы, который проявит себя, несмотря на то, что он не мог предсказать возможность больших достижений на глобальном уровне. 1990-е годы эта тенденция получила большую поддержку со стороны государства.

В эпоху глобализации, когда возрастает важность сохранения национальной идентичности, устойчивость Южной Кореи к ее целям и ее способность распространять свою культуру по всему миру требуют исследований.

**Ключевые слова:** мягкая сила, имидж страны, культурная дипломатия, Южная Корея

**Кіріспе.** Американдық ғалым, саясаткер Джозеф Най «жұмсақ күшке» мәжбүрлеу, күшпен бағындыру емес, сенім тудыру, қызығушылық тудыру арқылы актордың іс-әрекетіне ықпал ету, тартымдылық қабілеті деген түсініктеме береді. Дж.Най ұсынған жұмсақ күш қатты күштен екі түрлі мағынада ерекшеленеді. Біріншіден, қатаң билік әскери мәжбүрлеу немесе экономикалық қысым сияқты екінші тараптың әскери және экономикалық мүмкіндіктеріне негізделген күштің немесе тежеудің нысаны болып табылады. Ал жұмсақ билік – бұл екінші тарапқа күш қолданбай, әскери, экономикалық емес құралдармен өзіне бейімдеуге мүмкіндік беретін билік. Жұмсақ күште мәжбүрлеу мен шектеу жоқ болғандықтан, қатты күшке қарағанда екінші тарапқа бейімделу мен қабылдау ықтималдылығы жоғары, әрі қақтығыс ықтималдығы өте төмен.

«Жұмсақ күш» ұғымы туралы айтылған сындардың көптігіне қарамастан, көптеген бірқатар ғалымдар белгілі бір мемлекеттің «жұмсақ күшін» оның басқа мемлекеттерге мәдени құралдардың әсер етуімен бағалайды. Олардың қатарына фильм, музыка немесе мемлекеттің шетелдердегі мәдени орталықтармен қатар, сол мемлекетте оқитын шетелдік студенттер жатады. Дж. Най «жұмсақ күшке» білім беру мен саяси идеология сияқты қоғамдық институттардың қатарына поп-мәдениетті де кіргізеді. Ол поп-мәдениетті мемлекеттің өзіне тарту және халықаралық аудиторияға ықпал ету құралы деп санайды. Шығыс Азиядағы мәдени ағымдардың динамикасы «жұмсақ күш» тек ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар, билік басындағылар мен трансұлттық ұйымдардың да назарын өзіне аударғандығын көрсетіп отыр.

Азия-Тынық мұхиты аймақтық зерттеу орталығының директоры, Стэнфорд халықаралық зерттеу институтының жоғарғы санаттағы ғылым қызметкері және Стэнфорд институтының әлеуметтану кафедрасының доценті – Шин Гивуктың айтуынша, жаһандану парадоксы Оңтүстік Кореядағы қарама-қайшы екі үрдістің түрінде кездеседі. Біріншіден, жаһанданудың ұлтшылдық көзқарасы және ұлттық сәйкестіктің жаһандануға реакциясы ретінде артуы. Өзінде Экономикалық, әлеуметтік және мәдени саладағы жүріп жатқан жаһанданудың ықпалына қарамастан, Кореяның жаһандану үрдісіне байланысты реакциясы ұлттық дамудың негізі – этникалық ұлтшылдық идеологиясы арқылы қалыптасты. Сондай-ақ, ғаламдық жаһанданудың әсерінен Оңтүстік Кореяның ұлтшылдық қасиетін сақтап қалуы корей халқының жоғарғы және танымал мәдениетін корейлендірілген жаһандануға жетудің құралы ретінде қолдануымен тығыз байланысты. Осыған байланысты зерттеушілер халлюди АҚШ пен Батыс әлемінің әсері басым болып келетін жаһанданудың баламасы ретінде қарастырылады. Осы кең таралған мәдени өнім құрамына батыс элементтерімен қатар, шығыс элементтері де кіреді. Бұл жаһандануының жаңа үлгісі болып табылады. Екінші жағынан, Корей мемлекетінің тарихындағы отарлау кезеңі, Корей соғысы және содан кейін орнаған демократия сияқты тарихи жағдайларын ескере отырып, Оңтүстік Кореяның мәдени салада «жұмсақ күшті» өзінің мәдени маргиналдылығын жеңудің құралы ретінде қарады. Дегенмен, көптеген Бірқатар ғалымдар зерттеулерінде Оңтүстік

Кореяның «жұмсақ күш» стратегиясының мәдени саласындағы орнын ерекше бөліп қарастырады.

### **Оңтүстік Кореяның «жұмсақ күшінің» қалыптасу тарихы**

Корея Республикасының халықаралық қатынастағы ұстанымы 1980-ші жылдардан бастап жаңа белестен басталады. Оңтүстік Корея бұл уақытта өзіндік жұмсақ күшін қалыптастыра бастады. Корея үшін алғашқы үлкен халықаралық жетістік 1988 жылы Сеул Олимпиадасы болды. Олимпиада 159 ел және 9000-нан астам спортшы қатысқан, өте жоғары деңгейдегі олимпиада ретінде атап өтілді. Бұл Оңтүстік Кореяны бүкіл әлемге жаңа қырынан танытты.

Оңтүстік Корея қырғи қабақ соғыстан кейін сыртқы саясатында бұрынғы социалистік елдермен қатынастарды қалыпқа келтіруге және олардың аймақтық, әсіресе Қытай және Ресеймен байланыстарын кеңейтуге бағытталған болатын. Америка Құрама Штаттарымен берік одақтас болумен қатар, Корея Біріккен Ұлттар Ұйымына және басқа халықаралық режимдерге мүше болып отыр. Халықаралық аренадағы Оңтүстік Корея осыған сәйкес көп жақты сыртқы саясат жүргізеді.

Сыртқы экономикалық қатынастарда саудаға тәуелді ел ретінде Корея Дүниежүзілік сауда ұйымының ашық саудаға қатысты шектемеу қағидасын қатаң ұстанады. Сонымен қатар, Корея Республикасы үшін «ашық аймақтыққа» бағытталған Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастық режиміне қатысу аса маңызды деп саналды. Қырғи қабақ соғыстың аяқталуы Корея Республикасының аймақтық көптаратпылық пен қауіпсіздік операцияларына қатысты қызығушылығын байқауға болады.

1994 жылы Бангкокта өткен Азия аймақтық форумының жоғары лауазымды шенеуніктерінің кездесуінде Оңтүстік Корея Солтүстік-Шығыс Азиядағы қауіпсіздік мәселелері бойынша диалогты ұсынды. Солтүстік-Шығыс Азия институтының орнына 1994 жылы ASEAN Аймақтық форумы (ARF) құрылды. Ал Оңтүстік Корея, Қытай және Жапониямен бірге 1995 жылы ASEAN плюс үштігі (ASEAN +3) құрылды. 1997-98 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейін Корея көшбасшылары Шығыс Азияны стратегиялық аймақ ретінде тани бастады. Ел Президенті Ким Дэжун Шығыс-Азия перспективалық тобы мен Шығыс-Азия зерттеу тобын құруды ұсынып, аймақтық ынтымақтастықты барынша қолдады және әріптестерінің назарын осы мәселеге аударды. Осы әрекеттерден кейін Президент Но Му Хён Кореяның Солтүстік-Шығыс Азиядағы стратегиялық бағытын қайта бағдарлап, «Солтүстік-Шығыс Азиядағы бейбітшілік пен өркендеу ғасыры» деген ұран ұстанды.

«Халықаралық үлес дипломатиясы», «Жаһандық Корея» қоғамдық дипломатияның жаңа брендіне айналып, әлем қауымдастығында қабылдана бастады. Соңғы жиырма жыл ішінде Оңтүстік Корея бірқатар халықаралық ұйымдарда өте белсенді еңбек етті. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымының әр түрлі мамандандырылған ұйымдардың жұмысына ат салысып, Дүниежүзілік банк және Халықаралық валюта қоры арқылы жаһандық экономикалық тәртіпке әсер етіп, бірнеше мемлекеттердің стратегиялық серіктесі болды. Кореяның Тынық мұхиттағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі конференциядағы жұмысы (КРЕС) ерекше назарға ие болды. Сонымен бірге, Тынық мұхитындағы сауда келісімдерін ырықтандыруда жетекші рөл атқарады. Адам құқықтары жөніндегі Оңтүстік Корея ұлттық комиссиясы басқа осы ұйым мүшелерімен сәтті келіссөздер жүргізіп, өзара тиімді сауда келісімдерін жасауға көмектесті.

1993-1998 жылдары Ким Енсам үкіметінің басшылығымен «Сэгехуа» (жаһандану) ұраны ішкі нарықты кеңірек ашуға және оның халықаралық стандарттар мен нормаларға сәйкес келуіне баса назар аударса, онда кейінгі он жылдықта жаһандық Корея дамыған шетелдердегі халықаралық бейбітшілік пен адам қауіпсіздігіне қауіп төндіретін мәселелерді шешудегі жауапкершілігіне басымдылық беретіндігін көрсетеді.

Кореяның жаңа дипломатиясы екіжақты және көпжақты форматқа негізделеді. Халықаралық аренада Корея Республикасы ұстанатын «жұмсақ күш» стратегиясы осы елдің әлемдік деңгейдегі қатысуын неғұрлым тиімді ете алатын сыртқы саясаттың тартымды ингредиенті ретінде байқалады.

Корей Республикасының 2008 -2013 жылдар аралығындағы Президенті Ли Мёнбак елдің жаһандық ойыншы ретіндегі имиджін жақсарту үшін мемлекеттің сыртқы саясатын дамытуға көңіл бөлуді шешті. Оның «Ғаламдық Корея» саясатының аясында Кореяда бірнеше маңызды халықаралық кездесулер өтті. 2010 жылы G-20 саммиті, 2011 жылы көмек тиімділігін арттыру

жөніндегі жоғары деңгейлі форум, 2002 жылы FIFA чемпионаты және 2012 жылы Ядролық қауіпсіздік саммиті сияқты жоғары деңгейдегі имидждік іс-шаралар Корей елінің беделін едәуір арттырғаны белгілі. Осы шаралардың барлығын өткізу тек халықаралық қауымдастыққа қосылу әрекеті ғана емес, сонымен қатар Кореяның байлығы мен ықпалын көрсету мүмкіндігі болды [2].

Оңтүстік Корея дипломатиялық мүмкіндікті пайдалана отырып, K-Pop пен K-Drama-ны, алдымен аймақтық (азиялық) деңгейде, сосын бүкіл әлемге тарату арқылы поп-мәдениеттің мәртебесін экономикалық сала деңгейіне дейін көтерді. Оңтүстік Корея үкіметі кең аудиторияға ие болу мақсатында осындай аймақтық және халықаралық сахналарда белсенді бола бастады. 2009 жылы Оңтүстік Корея жүйелі әрі жан-жақты ұлттық брендинг стратегияларын енгізу арқылы халықаралық қауымдастықта өзінің ұлттық беделі мен мәртебесін көтеру үшін «Ұлттық брендингтің президенттік кеңесін» құрды. Бір жағынан, корей толқыны- халлюдің таралуы мәдени құндылықтардың көп өлшемді екенін көрсетті

Корей үкіметі ішкі және сыртқы саясатқа үлкен көңіл бөлсе де, мәдениеті бұрынғысынша Оңтүстік Кореяның жұмсақ күшінің негізгі көздерінің бірі болып табылады. Ертеректе Корей түбегі Қытаймен, кейін Жапониямен тығыз байланысты болса да, кәрістер өзінің бірегей және өзіндік мәдениетін дамыта алды. Корей кескіндеме дәстүрі тушьпен, қолөнермен, музыкамен, сәулетпен немесе ас үйімен жоғары бағаланады. Оңтүстік Корея өзіндік «жұмсақ күш» стратегиясын жүзеге асыруда ұлттық мәдени ерекшеліктеріне басымдық жасай отырып, қазіргі таңда әлемге белгілі «корей толқыны» мен өзіндік ерекше табиғи косметикалық өнімдерін насихаттап келеді. Ежелгі мәдени мұра қазіргі заманғы технологиялармен және оларға тән динамизммен қатар дами отыра, кәріс халқына бүкіл әлемге өз ықпалын таратуға мүмкіндік береді. Алайда, сарапшылардың пікіріне сүйенсек, Қытаймен салыстырғанда Корея өзінің көп ғасырлық дәстүрлі өнеріне қарағанда қазіргі заманғы бұқаралық мәдениетімен анағұрлым танымал.

### **Оңтүстік корейлік «жұмсақ күштің» бүгіні мен болашағы**

Оңтүстік Кореядағы «жұмсақ күш» дискурсының ерекшелігі коммерциялық брендтердің «жұмсақ» ресурстарына бірігуі болып табылады. Халықаралық деңгейде корей өнімдерінің экспорты Оңтүстік Корея дипломатиясының «жұмсақ күші» аспектісіне айналды. Оңтүстік Кореяның Samsung, LG, Daewoo, Kia, Hyundai сияқты ірі компаниялары өз өнімдердің ассортиментін кеңейтті. Олардың қатарына моторлар мен турбиналардан бастап смартфондар мен басқа да жоғары технологиялық өнімдер кіреді. Оңтүстік Кореядағы брендтері жоғары сапалығы мен салыстырмалы түрде алғанда қол жетімді бағасымен тартымды болып отыр. Бұл, әрине, чебольдар сияқты қаржы-өнеркәсіп топтары мен бәсекелестік орта үшін қолайлы жағдай қалыптастыру саясатын мақсатты түрде жүргізген мемлекеттік әкімшіліктің еңбегінің нәтижесі деп бағаланады [3].

Оңтүстік корейлік корпорацияларының жетістіктерінің аса маңызды факторларының бірі ретінде трансұлттық негізгі принциптерін ұстанады:

Шығарылатын бұйымдардың номенклатурасын жиі жаңарту;

Сұранысқа ие тауарларды нарыққа дәл уақытында шығару;

Ғылыми-зерттеу және конструкторлы-тәжірбие жұмысына инвестиция тарту [4].

Қазіргі уақытта барлық тікелей шетелдік инвестициялардың 90% - ын жүзеге асыратын 500 ірі ТҰК тізіміне енетін, әлемдік сауданың жартысына жуығы тиесілі 15 компания Оңтүстік Кореяда орналасқан. Азияның Samsung Electronics, LG, Hyundai Motor, SK, Korea Electric Power және Samsung Trading Co. сияқты 50 ірі корпорациялары АТА аймағының маңызды экономикалық элементтерінің бірі болып табылады. Ол тікелей шетелдік инвестицияларды жүргізумен қатар дамушы мемлекеттердің экономикасын дамытуға және модернизациялауға ықпал жасап, бәсекелестік арқылы басқа да АТА аймағындағы мемлекеттерінің жоғары сапада өнім шығаруына итермелейді [5]. Осыған орай Корей Республикасының сыртқы экономикалық байланыс жасау барысындағы қолданып отырған «жұмсақ күш» тактикасы қолайлы бизнес-орта мен инвестициялық тартымдылықты да қалыптастырып келеді.

Американ ғалымы Дж. Най жұмсақ күштің үш негізгі көзіне мәдениет, ішкі саясат пен сыртқы саясат жатқызады. Мәдениет барлық өнер түрлерін, дәстүрлі тағамдарды, ұлттық тілді, поп-индустрияны, тарихи мұраны және т. б. қамтитындығы анық. Ішкі саясатта экономикалық даму, саяси құндылық, білім, әлеуметтік қамтамасыздандыру, адам құқықтары мен бостандықты

сияқты категориялар бағаланды. Сыртқы саясатта жұмсақ күш көзі ретінде басқа елдермен ынтымақтастықты, халықаралық қоғамдастық арасындағы тартымдылықты және түрлі бітімгершілік немесе қайырымдылық ұйымдарына мүшелік сияқтылар танылады.

Оңтүстік Кореяның жалпы көрсеткіштері басқа Шығыс Азия елдерімен салыстырғанда төмен екендігі белгілі. Экономикалық дамуы мен әскери күштер қуаттылығы тұрғысынан АҚШ-қа қарағанда әлдеқайда төмен. Алайда жұмсақ күш стратегиясын жүзеге асыруда біршама өзгеше. Джозеф Найдың айтуынша, «Оңтүстік Кореяның жұмсақ күші жоғары потенциалды болып келеді» [6].

Корея Республикасы мен шет ел арасындағы сауданы дамытуға бағытталған коммерциялық емес үкіметтік ұйымы – КОТРА зерттеулері бойынша ауқымы мен потенциалы жағынан корей толқынының даму келешегі жоғары мемлекеттердің 7 тобын бөліп қарастырады:

А - әлуеті төмен тобы – Мексика және Иран. ҚР мәдени өнімдерін тұтынушылардың тұрақты санын сақтау үшін КОТРА сарапшылары жергілікті халыққа «Халлю» жайлы ақпарат беру ұсынылды. Сонымен қатар қоғамды жұмылдыру үшін түрлі іс-шаралар өткізіледі.

В - өзара айырбас тобы – Жапония. Маңызды нарықтардың бірі болып табылады. Ұсынылады: 1) азаматтық және үкіметтік алмасулар мен ынтымақтастықты нығайту барысында қатынастарды жақсарту. 2) корей тілін дәріптеу бағытында саясат жүргізу. 3) мәдени ерекшеліктерді түсінуді жетілдіру мақсатында корейтанушы мамандар үшін арнайы білім беру контентін енгізу.

С - нарықты ұлғайтудағы әлеуеттілік тобы – Германия, Польша, Бразилия. Бұл салада: 1) лингвистикалық аспектіге назар аудара отырып корей тілін үйрену, 2) мәдени контентке еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету, 3) халық үшін жоғары деңгейдегі әмбебап және түсінікті контент жасау, 4) корей іс-шараларын қаржыландырып, сонымен қатар, көрмелер мен корей залдарын технологиялық және материалдық заттармен қамтамасыз ету.

Д - ең көп таралу тобы – БАӘ, Украина, Үндістан, Ұлыбритания, Канада, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Франция, Австралия, Оңтүстік Африка және Тайвань. Осы өкілдер үшін келесі іс-әрекеттер ұсынылады: 1) әрбір елдің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, мәдени контентін әзірлеу, 2) жергілікті тілде корей мәдениеті туралы әртүрлі медиа-ресурстарды құру және дамыту, 3) интерактивті қамтамасыз етудің екі бағытты алмасуы мен қолдау тәсілі.

Е - жылдам өсу қарқынының әлеуетті тобы – Филиппин, Қытай, Вьетнам, Сингапур және Мьянма. Бұл өңірлерде: 1) жергілікті нарықтың дамуына негізделі отырып, Корей мәдени контентін енгізу, 2) жергілікті мәдени институттарды қолдаумен қатар көрмелерге қатысу арқылы Корей толқынының мүмкіндіктерін кеңейту, 3) осы өңірлерде кәріс толқынының дамуын үздіксіз қолдау қажет, сонымен қатар нарық сегментінің стратегиясына сәйкес жоспарлар жүргізу.

Ғ - даму әлеуеті нығайған жоғары қарқындау тобы – Қазақстан, Малайзия, Аргентина, АҚШ. Аталған топ үшін келесі шаралар ұсынылады: 1) жергілікті корей залдары мен көрмелерін қолдау арқылы Корей толқынын тарату мүмкіндіктерін кеңейту, 2) «Халлю» жарнамалау жолдарының түрлі тәсілдерін пайдалану, 3) корей контентінің жергілікті қажеттіліктерге бейімделуі, 4) халық үшін әмбебап және түсінікті контентті құру.

Г - қолдау көрсету қажеттілігінің жоғары өсу тобы – Индонезия және Тайланд.

Корей толқынын қолдау бойынша қажетті іс-әрекеттер: 1) корей мәдени іс-шараларына қатысушыларды симуляциялау үшін бағдарлама әзірлеу, 2) әрбір елдің қалыптасу тарихи және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, Корей контентінің жергілікті қажеттіліктерге бейімделуі, 3) жергілікті тілде «Халлю» туралы ақпарат беру [7].

Соңғы кездері Оңтүстік Корея бірқатар халықаралық саммиттер өткізіп, Олимпиада ойындарында жақсы өнер көрсетіп, инновациялық драйвер ретінде өз позициясын нығайтып, жұмсақ күш-жігерін дамытуға айтарлықтай көп еңбек етуде. Осы іс-шаралардың барлығы Корей мемлекетінің жүзеге асырып отырған «жұмсақ күш» стратегиясы Оңтүстік Кореяның имидждік саясатын одан әрі жетілдіріп, халықаралық беделін одан әрі нығайтып отыр. Корей елінің маркетингтік зерттеулер жүргізуші ұйымы КОТРА зерттеулері Корей мемлекетінің «жұмсақ күшінің» басқа елдер үшін маңыздылығы мен оның бүкіл әлемге әсерін байқатады.

Сонымен қатар, жаһандану жағдайында әлем елдері бір-біріне барған сайын ұқсас болып бара жатыр, яғни, бұл ұлттық ерекшелікке деген сұраныстың өсуіне алып келеді. Оңтүстік Корея

осы тенденцияны дер кезінде түсініп, осы бағытта стратегиясын қалыптастырып отырған мемлекеттер қатарына жатады.

### **Қорытынды**

Жалпы, қазірге кезеңдегі жағдайлар «қатты күш» әдістерінің теріс нәтижелілігін көрсетеді, ал «жұмсақ күш» кең таралып, мемлекеттің ұлттық күшінің маңызды көрсеткішіне айналды. Мемлекеттің халықаралық имиджі «жұмсақ күш» түсінігінің құрамдас бөлігі болып саналады, себебі, тұтас нәрсені бағаланғанда, дербес нәрсеге баға беріледі. Қабылданатын образдар мен идеяларды біртіндеп трансформациялау қоғамның жеке мүшелерінің және тұтастай қоғамның құндылықтары мен бағдарларын өзгертеді.

Оңтүстік Корея жұмсақ күштің маңыздылығын түсінетін және өзін-өзі ілгерілетуде табанды жұмыс істейтін ел ретінде танымал болды.

Қазіргі Корей Республикасының халықаралық имиджін көтеру мемлекеттің қалаған имиджін бейнелейтін ресми түрде тұжырымдалған идеялар негізінде қаланған. Оңтүстік Корея халықаралық аренада «жұмсақ күш» саясатын жүргізуде нақты бағыттарды ұстанады. Біріншіден, батыстың дамыған мемлекеттеріне арналған стратегиясында Корей өз мәдениетін, дәстүрлі құндылықтарын, саяси көзқарастарын түсіндіруге әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру идеясын кеңінен таратуға баса назар аударады. Екінші жағынан бұл стратегия дамушы мемлекеттерге бағытталады, Кореяның жоғары технологиялы өнімдерін кеңінен насихаттап, сол елдің нарығына барынша енуге тырысады. Корея ұлттық мәдениет пен оның өнімдерін тұтыну барысында ұлттық брендтің қалыптасуы үшін негізгі қайнар көзі бола отырып, халықаралық аренадағы мәдени құндылықтардың маңыздылығын көрсетеді. «Корей толқыны» ұлттық мәдениеттің танымалдылығының артуы бірінші кезекте экономикалық перспективаға бағытталған және ұлттық экономиканың негізгі бөліктері болады. «Корей толқынын» мәдени дипломатияның маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, «корей үкіметі» жұмсақ күштің әсерін барынша арттыруға тырысады. Осындай мәдени дипломатия экономикалық көрсеткіштермен тікелей байланысты, ұлттық экономикаға оң әсерін тигізеді. Демек, Оңтүстік Кореяның жүргізіп отырған «жұмсақ күш» стратегиясы нәтижелі деп танылады.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. N. Otmazgin. *Contesting soft power: Japanese popular culture in East and Southeast Asia. / International Relations of the Asia-Pacific* 8(1):73-101 · January 2008.
2. Смолина В.А. *Политика «мягкой силы» как инструмент геополитического влияния Республики Корея. Екатеринбург, 2016.*
3. Цветкова Н. Н. *ТНК в странах Востока. / Восточная аналитика. 2012. №3. С.56. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/tnk-v-stranah-vostoka-pryamyie-inostrannye-investitsii-i-globalnye-proizvodstvennyeseti> (дата обращения: 20.04.2016).*
4. Chan Jin Kim. *Economic Development and Law in Korea // The Catholic University of Korea Press. Seoul. 2009. P.134. URL: <http://catalogue.nla.gov.au/Record/5150475> (дата обращения: 20.04.2016).*
5. Цветкова Н.Н. *Транснациональные корпорации и транснациональные банки из стран Востока // Восток. 2012. № 5. С. 85–98.*
6. Дж. Най, «*Растущая мягкая сила Южной Кореи*», С. 2009, 24.
7. Ким Е.У., Постникова Е.С. *Роль культурной дипломатии в «мягкой силе» Республики Корея*/<http://www.ifes-ras.ru/publications/online/2347-2018-07-23-09-55-35>

### *References*

1. N. Otmazgin. *Contesting soft power: Japanese popular culture in East and Southeast Asia. / International Relations of the Asia-Pacific* 8(1):73-101 · January 2008.
2. Smolina V.A. *Politika «myagkoj sily» kak instrument geopoliticheskogo vliyaniya Respubliki Koreya. Ekaterinburg, 2016.*
3. Cvetkova N. N. *TNK v stranah Vostoka. / Vostochnaya analitika. 2012. №3. S.56. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/tnk-v-stranah-vostoka-pryamyie-inostrannye-investitsii-i-globalnye-proizvodstvennyeseti> (data obrashcheniya: 20.04.2016).*

4. Chan Jin Kim. *Economic Development and Law in Korea* // The Catholic University of Korea Press. Seoul. 2009. R.134. URL: <http://catalogue.nla.gov.au/Record/5150475> (data obrashcheniya: 20.04.2016).
5. Cvetkova N.N. *Transnacional'nye korporacii i transnacional'nye banki iz stran Vostoka* // *Vostok*. 2012. № 5. S. 85–98.
6. Dzh. Naj, «Rastushchaya myagkaya sila YUzhnoj Korei», S. 2009, 24.
7. Kim E.U., Postnikova E.S. *Rol' kul'turnoj diplomatii v «myagkoj sile» Respubliki Koreya*/<http://www.ifes-ras.ru/publications/online/2347-2018-07-23-09-55-35>